

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самсунг" корпорациясының (Корей Республикасы) арасындағы Ұзақ мерзімді ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру жөніндегі бірлескен комиссияның Қазақстан жағын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі 1998 жылғы 8 қаңтар N 3814

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самсунг" корпорациясының (Корей Республикасы) арасындағы Ұзақ мерзімді ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру, жаңа инвестициялық жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыру мәселелерін шешу мақсатында :

1. Коса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

"Самсунг" корпорациясының (Корей Республикасы) арасындағы Ұзақ мерзімді ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру жөніндегі бірлескен комиссиясының Қазақстан жағының құрамы бекітілсін.

2. Бірлескен комиссия осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Президентіне оның нәтижесі туралы мезгіл-мезгіл баяндап отырсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 8 қаңтардағы
N 3814 өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Самсунг"
корпорациясының (Корей Республикасы) арасындағы Ұзақ мерзімді
ынтымақтастық туралы келісімді іске асыру жөніндегі
бірлескен комиссиясының Қазақстан жағының

ҚҰРАМЫ

Есімов	- Қазақстан Республикасы Премьер-
Ахметжан	Министрінің бірінші орынбасары -
Смағұлұлы	Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, бірлескен комиссияның тең төрағасы
Әтембаев Ержан	- Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі
Әбілқайырұлы	

агенттігінің төрағасы - Қазақстан
Республикасының министрі, бірлескен
комиссияның мүшесі

Жұкеев Төлеген - Қазақстан Республикасының Корей
Тілекұлы Республикасындағы Төтенше және
Өкілетті Елшісі, бірлескен
комиссияның мүшесі

Аймақов Бауыржан - Қазақстан Республикасы Инвести.
Жаңабекұлы циялар жөніндегі мемлекеттік
комитетінің дирекциясының
директоры, бірлескен комиссияның
мүшесі

Ким Владимир - "Қазақмыс" корпорациясының
Сергеевич президенті, бірлескен комиссияның
мүшесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК